Түркістан облысы, Сарыағаш аудандық білім бөлімінің химия, биология пәндерінің әдіскері Қабылова Қатира Дабылқызына

ПІКІР

Қатира Дабылқызы педагогика саласында болып жатқан тың өзгерістерді әкелетін, білім үдерісіне енгізетін, жаңалық жаршысы бола білген әдіскер - ұстаз деп танып едім. Себебі, әдіскер - ұстаз, үйретуші, бағыттаушы, жаңалықты жеткізуші, шығармашыл тұлға. Әдіскердің бір бойында бірнеше қызмет бар. Ол жаңа үрдісте заманауи технологияларды енгізу арқылы сабақтар, семинарлар, ғылыми жұмыстар мен лигвистикалық-турнирлер және тағы да басқа сайыс-байқауларды ұйымдастырып өткізуші, басқару арқылы нәтижелерге қол жеткізуін қолдаушы болып танылады. Міне осы қасиеттердің барлығы Қатира Дабылқызының бойынан табылады.

Мінезі сабырлы, жайдарлы әріптестерімен тез тіл табысатын тәжірибелі маман, әрі ұстаз. Ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, өз бетінше дұрыс шешім қабылдай алады. Ұжымда құрметке ие, тіл табысқыш. Өмірде қарапайым, моральдық жағынан ұстамды. Қызметтік міндеттерін адал орындайды, табандылық пен бастамашылық байқатады. Жоғары еңбек қабілеттілігімен ерекшеленеді. Қазір мұғалім шеберлігі жайлы жазылған дайын қағида жоқ, болуы да мүмкін емес. Барлығы да өз қолында деген екен бір дана кезінде. «Басқаларды оқытып үйретуі нәтижелі болсын десе, ең әуелі мұғалімнің өзі оқуы керек. Оқығанда да әбден қартайғанша оқуы тиіс» (Платон). Қабылова Қатира 27 жылдық ұстаздық еңбегі мен 4 жылдық әдіскерлік тәжірибесінде тек ізденумен, шығармашылығын шыңдаумен, білімі мен біліктілігін арттырумен тынбай айналысып келеді.

Қатира Дабылқызының жұмыс барысында өзін ұстауы, адамгершілігі, қызметкерлермен бірлесе жұмыс атқаруы жоғарғы дәрежеде. Химия және биология әдіскері ретінде мұғалімдерге жаңашылдық бетбұрысын жарнамалап, сонымен қатар инновациялық педагогикалық идеяларды насихаттауда. Қазіргі таңда облыстық әдістемелік орталықта әдістемелік құралдары және бірнеше мақалалары жарық көрген.

Олай болса, әдіскер - ұстаз, ізденуші, үйренуші, жаңалықты дәріптеуші, үздіксіз білім-ғылым жолындағы тұлға- дер едім.

Түркістан облыстық
әдістемелік орталығының
химия пәні әдіскері **Керимбекова А.А.**